

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік медицина университеті

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

Тақырыбы: Медициналық сақтандырудың ерекшеліктері

Орындаған: Сақтапберген Ф, Стуаниев М, Әбдікарім А. 501а

Қабылдаған: Мұсашева Д.Қ.

Ақтөбе-2017

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру



Жүйені енгізу

2018 жылдың 1 қаңтары



Жарна төлеу ережесі

Жалдамалы жұмысшылар үшін жұмыс беруші төлейді



Жоспары



I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлімі:

- Медициналық сақтандырудың әлемдегі модельдері
- Медициналық сақтандырудың түрлері
- ҚР медициналық сақтандыруы

III. Қорытынды әдебиеттер.

IV. Пайдаланған әдебиеттер

Кіріспе.

Медициналық сақтандыру – әлеуметтік сақтандырудың бір бөлігі ретінде қоғамдық қатынастарының денсаулығын қорғау мақсатында қаралатын медициналық категориялардың бірі. Сақтандыру сферасы адам өмірінің, денсаулығының және әлеуметтік жағдайының барлық жағын қамтиды.



Медициналық сақтандыру – денсаулық сақтаудағы халықтың мүддесін әлеуметтік қорғаудың түрі, медициналық көмек қажет еткенде сақтандырылған жағдай бойынша науқасқа жинаған қаржы кепілдік болады. Сақтандыру шарттарын азаматтар жеке өзі жасайды немесе олар сақтандыру жарнасын кәсіпорынның, ұйымның, тағыда басқа пайдасынан төлеу жолымен ұжымдық нысанда жасалуы мүмкін.



Еңбекшілердің өз қаражатынан төленетін ерікті медициналық сақтандыру бойынша неғұрлым жоғары деңгейде медициналық көмек көрсету көзделеді. Сақтандыру шарты бойынша бір талап (сақтанушы) сақтық сыйақыларын төлеуге міндеттенеді, ал екінші талап (сақтандырушы) сақтық жағдайы пайда болған кезде сақтанушыға немесе оның пайдасын шарт жасалған өзге де тұлғаға (пайда алушыға) шартта белгіленген соманың (сақтық сомасының) шегінде сақтық өтемін төлеуге міндеттенеді



Жалпы, әлемде медицина саласын дамытуға бағытталған үш модель бар

□ **Біріншісі** – нарықтық экономика принциптеріне негізделген жекеменшік жүйе. Медициналық сақтандырудың бұл түрі Америкада қолданылады. Қазіргі күні «*Обамакэр*» атауына ие болып, қоғамның қызу талқысына ұшырап жатқан реформа осы. Обама негізін салып кеткен бұл жүйені АҚШ-тың қазіргі президенті Дональд Трамп өзгертемін деп әлек, өйткені осы жүйе енгізілгелі елдің медицина саласы шығынға ұшырап, халықтың 15 пайызға жуығы денсаулығын сақтандыра алмай қалған екен.



Медицина саласының *екінші моделі*

- – мемлекеттік сақтандыру жүйесі, яғни медицина бюджет есебінен қаржыландырылады. Қазіргі нарықтық жағдайда бұл жүйе тиімсіз. Себебі, медицина жүйесін түгел мемлекет қаржыландырса, бюджетке салмақ түседі. Қаржы қанша жеткілікті бөлінгенімен, медицинаның емдеу тәсілдері мен технологиясы күннен күнге қымбаттап барады. Ғимараттарды ұстап тұру, оларды заманауи құрылғылармен жабдықтау, ескісін ауыстыру, жаңасын алу, одан қала берді жүрек, бауыр ауыстыру секілді қымбат операциялардың құнын төлеу – үлкен шығын. Сондықтан, бюджетке қарап отырған медицинамен сапаны жақсарту, осы салада қордаланып қалған түйткілді шешу мүмкін емес. Денсаулыққа дем беретін қосымша қаражат керек.



Медицина саласын дамытудың үшінші моделі

– қоғамдық сақтандыру жүйесі. Қазақстан сақтандырудың осы түрін таңдап алды. Оның ерекшелігі, әлеуметтік жағдайы әлжуаз топтарды мемлекет өз қамқорлығына алып, олар үшін жарна төлейді.



Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі бойынша мыналар сақтандырудың нысандары болып табылады:

- міндеттілік дәрежесі бойынша
 - - **Ерікті**
 - - **міндетті;**
- сақтандыру объектісі бойынша
 - жеке
 - мүліктік
- сақтық өтемді жүзеге асыру негіздері бойынша
 - жинақтаушы
 - жинақтаушы емес





Міндетті медициналық сақтандыру

заңнамалық актілер талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру. Ол сақтанушының есебінен жүзеге асырылады. Міндетті сақтандырудың әрбір түрі сақтандырудың жеке (бөлек) сыныбы болып табылады. . Міндетті медициналық сақтандыру бойынша барлық Қазақстан республикасының азаматтары жынысына, жасына, денсаулығына, тұрғылықты жеріне, жеке табыс деңгейіне қарамай, мемлекеттік бағдарламаға кіргізілген тегін медициналық қызметті пайдалануға құқы бар

Ерікті медициналық сақтандыру

тараптардың еркін білдіруіне орай жүзеге асырылатын сақтандыру. Ерікті медициналық сақтандыру- азаматтардың денсаулығына медициналық қызмет көрсетуде толық немесе жартылай шығындарын жабу мақсатында жүргізілетін сақтандыру ұйымының формасы. Сақтандырудың бұл түрінде әр азамат өзінің еркіндігіне байланысты денсаулығын жақсарту мақсатындасақтандыру компаниясын, сақтандыру полисін таңдауға құқы бар.

- Мемлекет өзіне мынадай міндеттер алады:
- **а) еліміздегі барлық азаматтар үшін медициналық көмектің шағын базалық тегін пакетін ұсынады.** Қазақстанда бұны 17 млн-нан асатын адам қолданады. Оның құрамына аурулардың алдын алуға бағытталған қызметтер, жедел жәрдем, шұғыл жағдайларда көрсетілетін медициналық көмек кіреді.
- **б) медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін экономикалық белсенділігі жоқ тұрғындар үшін жарна төлейді.** Қазақстанда осы топқа жататын тұлғалардың саны жалпы тұрғындар санының 50%-ын құрайды, ол 10 млн.-дай адам. Олар: балалар, қарттар, көп балалы аналар, жүкті әйелдер, жұмыс істемейтін мүгедектер және т.б.

Жұмыс берушілер өз жұмыскерлерінің денсаулығын ойлайды, өйткені дені сау, өнімді еңбек ресурстары - кез-келген кәсіпорынның табыс кепілі. Сондықтан да МӘМС енгізілген елдерде **жұмыс берушілер еңбекақы төлеу қорынан МӘМС жүйесіне 3%-15%-ға дейін жарна төлеп отырады.**

Қазақстанның кәсіпорындарында 5,6 млн. адам жұмыс істейді, олар үшін жұмыс берушілер МӘМС жарна төлеу керек.

Нақты бір кәсіпорында істеп және өз істерін ашқан **өзін-өзі қамтитын азаматтар** өз табысынан төлейді.

Әлемдік тәжірибеде, егер азамат жалдамалы жұмысшы болса, ол еңбекақысынан 1%-8,2% төлейді, ал егер жеке кәсіпкер болса, онда көрсетілген табыстан (ең төменгі еңбекақыдан төмен емес) 7%-15,5% төлейді.

Бұл төлемдер қаржыны мақсатты пайдаланып, медициналық көмек түрлерін кеңейтіп, олардың сапасын жақсартуды қамтамасыз етті. Бұл жағдайлар медициналық сақтандыру жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етті, сондықтан да Қазақстан осыны таңдады.

Қазақстанда МӘМС 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізіледі және жасына, жынысына, әлеуметтік дәрежесіне, тұрған орнына, табысына қарамастан барлық азаматтарға бірдей қолжетімді медициналық және дәрі-дәрмектік көмек беруге кепілдік береді.

- **II. 1. Қолжетімді ем алу.**
- Сіз кез-келген мекемеде, мемлекеттік немесе жеке клиника болсын, медициналық көмек алуға құқылысыз. МӘМС пакеті аясында Сізге дәрігердің қабылдауынан бастап, тексерілу және қымбат ота жасату қызметін көрсетеді. Шығындарды Қор төлейді.
- **Сапалы медициналық көмек.**
- Әрбір клиника Сізге жоғары білікті көмек көрсетуге мүдделі болады. Өйткені енді ауруханалар мен емханалар Қордан сапалы көмек көрсету үшін ақша алып тұрады, ол дегеніміз нақты диагностика, жақсы ем, заманауи реабилитация, тәжірибелі медбике күтімі.
- **Тегін және қолжетімді дәрі-дәрмектер.**
- Сіз мемлекет бекіткен ауру түріне байланысты, тегін дәрі-дәрмек ала аласыз. Бұл қауіпсіз, сапалы дәрілерді еліміздің кез-келген дәріханасынан ала аласыз. Дәріханалар қызметін Қор төлейді.
- **Сіздің құқыңыз бен мүддеңізді қорғау.**
- Егер Сізді емдеуден бас тартса немесе сапасыз қызмет көрсетілсе Қор сіздің мүддеңізді қорғайды. Қор клиникаларды қатаң тексеріп, қызмет көрсету сапасын бақылап отырады, Сіздің шағымыңыз бойынша тексеру тағайындап, шара қолданады.
- **Өз денсаулығыңыз туралы толық ақпарат.**
- Денсаулық сақтау жүйесінің жаңа электронды жүйесі ұйымдастырылады, оның аясында Сіздің жеке кабинетіңіз болады. Онда Сіздің қаралған емханаңыз, тапсырған талдауларыңыз, олардың қорытындылары, дәрігерлердің тағайындаулары мен ұсыныстары туралы барлық ақпарат жазылып тұрады.

Медициналық қызметтің екі түрлі пакеті ұсынылады.

- Біріншісі - негізгі (базалық) пакет.

Бұл қызметтер пакетін Қазақстанның барлық азаматтары пайдалана алады:

- Жедел жәрдем және санитарлық авиация қызметтері,
- әлеуметтік маңызы бар ауруға шалдыққандарға және шұғыл жағдайларда көрсетілетін медициналық көмек,
- профилактикалық екпелер,
- амбулаторлық-дәрілік қамтамасыз етумен амбулаторлық-емханалық көмек (2020 жылға дейін)

- **Екіншісі - жаңа құрылып жатқан Медициналық сақтандыру қорынан ұсынылатын сақтандыру пакеті.**

Оның құрамына:

- **амбулаторлық-емханалық көмек:**
 - емханада емделу,
 - зертханалық қызмет,
 - диагностика және манипуляция;
- **стационарлық көмек - жоспарлы түрде ауруханада емдеу;**
- **стационардың орнын басатын көмек-күндізгі стационарда емдеу;**
- **Жоғары технологиялы медициналық көмек - ерекше медициналық технология қолдану;**

IV. Егер Сіз және Сіздің Жұмыс берушіңіз Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына (Қор) ақша аударып отырсаңыз, Сіз осы бағдарламаға қатысушысыз. Белгілі бір себептермен еңбек етпейтін азаматтар үшін мемлекет төлейді, олар да қатысушы.

V. Егер Сіз қызметкер болсаңыз, Сіз үшін Жұмыс беруші ай сайын 2017 жылы 2% төлесе, 2020 жылы 5% болады.

Егер өзіңіз қызметкер ретінде ай сайынғы еңбекақыңыздан төлесеңіз, 2019 жылы 1%, 2020 жылы 2% төлейсіз.

Мысалы, Сіздің еңбекақыңыз 50 мың теңге делік, сонда Жұмыс беруші сіз үшін 2017 жылы ай сайын 900 теңге төлеу керек, ал Сіз 2019 жылдан бастап ай сайын 450 теңге төлейсіз.

Қызметкердің ақша аударымынан жеке табыс салығы шегеріледі.

Егер Сіз жеке кәсіпкер болсаңыз, онда 2017 жылдан бастап ай сайын табысыңыздың 2% - н Әлеуметтік медициналық сақтандыру Қорға аударып отырасыз. 2018 жылы -3%, 2019 жылы- 5%,2020 жылы- 7% аударасыз. Мысалы: Сіздің жеке кәсіпкер ретінде табысыңыз 100 мың теңге болса, Қорға 2000 теңге аударасыз.

Егер төменде көрсетілген категорияға кірсеңіз, Мемлекет Сіз үшін төлейді, жарна мөлшерлемесі орташа айлық жалақының 7% болады. Оның үстіне, мөлшерлеме біртіндеп көтеріледі: 2017 жылы 4%, 2018 жылдан 5%, 2023 жылы 6%, 2024 жылдан - 7%.

- балалар;
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған және бұрынырақта "Батыр ана" атағына ие болған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көп балалы аналар;
- ҰОС қатысқандар және мүгедектері;
- мүгедектер;
- жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар;
- интернат ұйымдарында оқитын және тәрбиеленетін тұлғалар;
- техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беретін ұйымдарда күндізгі оқыту нысаны бойынша, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу орындарында резидентура нысаны бойынша оқып жатқан тұлғалар;
- бала туғанына, бала асырап алғанына байланысты, 3 жасқа толмаған баласының күтіміне байланысты демалыстағы тұлғалар;
- жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, сондай-ақ баласы 3 жасқа толғанға дейін тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін тұлғалар;
- зейнеткерлер;
- сот үкімі бойынша ең аз қауіпсіздігі бар мекемелерден бөлек ҚАЖ мекемелерінде жазасын өтеп жатқан тұлғалар;
- уақытша ұстау және тергеу оқшаулағыштарында жатқан тұлғалар.

- Әскери қызметкерлер, арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері жарна төлемейді, бірақ медициналық көмек алуға құқылары бар.
- **Егер жұмыссыз болсаңыз**
- **Жұмыспен қамту орталығына барып жұмыс сұрайсыз, ыңғайлы жұмыс болмаса, жұмыссыз ретінде тіркелесіз. Бұл жағдайда сіз үшін мемлекет төлейді.**

VI. Онда Сіз МӘМС қатысушы емессіз, Сізге МӘМС аясында көрсетілетін медициналық көмек көрсетілмейді. Бірақ Сіз кепілді медициналық тегін көмек көрсету ала аласыз:

Жедел жәрдем және санитарлық авиация қызметтері, әлеуметтік маңызы бар ауруға шалдыққандарға және шұғыл жағдайларда көрсетілетін медициналық көмек, профилактикалық екпелер, амбулаторлық-дәрілік қамтамасыз етумен амбулаторлық-емханалық көмек (2020 жылға дейін).

Басқа медициналық көмек түрлері осы категориядағылар үшін ақылы болады.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру Сіздің денсаулыққа құқығыңызды қорғайды!

Қорытынды.

Медициналық сақтандыру сақтандыру жүйесінің маңызды құрамды буыны болып табылады және қоғамдық өндіріс тің аса маңызды факторы – медициналық денсаулықтың ұдайы толықтырылуының әлеуметтік-экономикалық үдерістерінде оның рөлі салмақты. Медициналық сақтандырудың жұмыс істеуі медициналық қызмет көрсету саласынды нарықтық қатынас тудырады. Бұл өз кезегінде, медициналық қызмет көрсететін - медициналық мекемелердің, олардың қызметкерлерінің, жеке машықтанушы дәрігерлердің еңбегінің саны мен сапасына нақты баға беруге мүмкіндік тудырады. Басқа жағынан, науқастар емдеу-профилактикалық мекеме мен нақтылы дәрігерді таңдау құқығы пайда болады. Бұл міндетті медициналық сақтандыру қоры тарапынан емделушілердің мүддесін қорғаумен қосарланады: ол медициналық қызметтер көрсетудің сапасы мен көлеміне сараптық баға бере алады, емдеу нәтижелеріне кінәрат-талап таға алады, ал қажеттік кезінде емдеуші мекемеге немесе жеке машықтанушы дәрігерге экономикалық санкциялар қолдана алады. Жалпы алғанда, медициналық сақтандырудың дамуы қазіргі кездегі денсаулық сақтау жүйесіндегі кемшіліктерді азайтып, жүйесіз жүрген істерді біршама жүйелеуге жол ашады

Пайдаланған әдебиеттер:

- obrasheniya@ffoms.ru
- Веб-сайт: www.ffoms.ru
- ↑ “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9
- ↑ Құлпыбаев С., Ынтыкбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық / - Алматы. Экономика, 2010- 522 бет ISBN 978-601-225-169-2 <http://yvision.kz/post/212857>
- Жуйриков К и др. Страхование: теория, практика, зарубежный опыт: Учебник. – Алматы: БИС, 2000-384 с.
- Корнилов И.А. Основы страховой математики. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004-400 с
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 маусымдағы №905 қаулысымен бекітілген “Салауатты өмір салты” кешенді бағдарламасы.